



## АҚПАРАТТЫҚ ХАБАР

2017 жылғы 26 желтоқсан

### «Валюталық реттеу және валюталық бақылау туралы» жаңа Зан жобасының негізгі мақсаты

«Валюталық реттеу және валюталық бақылау туралы» жаңа зан жобасының негізгі мақсаты - Қазақстанның Дүниежүзілік сауда үйімінен кіруі және «Қорғас» шекара маңы ынтымақтастыры халықаралық орталығы мен «Астана» халықаралық қаржы орталығын құру жағдайында валюталық заңнамаға жоспарлы түрде өзгерістер енгізу. Бұл туралы Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Төрағасы Данияр Ақышев ҚР Үкіметінің отырысында сөз сөйлеген кезде айтып берді.

«Зан жобасының негізгі міндеті – валюталық операциялардың статистикалық мониторингінің қамтылуын кеңейту және шетел валютасын Қазақстан аумағындағы есеп айырысуарда пайдалануды қысқарту болып табылады. Аталған нормаларды іске асыру валюталық операциялар туралы ақпараттың қамтылуын кеңейтуге, валюталық бақылау тиімділігін, оның ішінде елден ақшаның әкетілуіне қарсы іс-қимыл үшін арттыруға мүмкіндік береді», - деді Ұлттық Банк басшысы.

Негізгі өзгерістер арасында Ұлттық Банк Төрағасы шетелдік үйымдардың филиалдарын резиденттер деп тануды; трансшекаралық сипаттағы валюталық операциялардың қамтылуын кеңейтуді; капиталды әкетуге бағытталған операциялар бойынша валюталық бақылауды күшеттіруді, сондай-ақ Қазақстан аумағында валюталық құндылықтардың айналыста болу тәртібін және резиденттер арасында рұқсат етілген валюталық операциялар тізбесін нақтылауды атап өтті. Бұл ретте Д. Ақышев зан жобасында ырықтандырылған валюталық режим қағидаттарын сақтау көзделгенінін де айтты.

Д. Ақышев Қазақстан ДСҰ-ға кіргеннен кейін филиалдар мен өкілдіктер санының одан әрі ұлғаюы күтілетінін, бұл ел ішіндегі шетел валютасындағы төлемдердің ұлғаюына әкелетінін, бұл ұлттық мұдделерге сәйкес келмейтінін атап өтті.

Осыған орай, қаржы реттеушісі басшысының айтуынша, шетелдік үйымдар филиалдарының қазақстандық қарсы агенттермен есеп айырысуарын тәңгеге ауыстыру үсынылады. Өзгерістер мемлекеттің атынан шетелдік үйымдармен жасалған келісімдер арқылы бейрезидент мәртебесіне кепілдік берілген компанияларға қатысты болмайды. Бұл ретте осы зан қолданысқа енгізілгенге дейін жасалған шарттарға қатысты жағдайлардың нашарлауы көзделмейді.

Бұдан басқа, Д. Ақышев «Валюталық реттеу және валюталық бақылау туралы» зан жобасында елден ақшаны әкету белгілері бар валюталық операциялардың тізбесі белгіленгенін атап өтті. «Осыған орай «Қазақстан Республикасындағы банктар және банк қызметі туралы» ҚР Заңына өзгерістер банк құпиясы болып табылатын валюталық операциялар туралы ақпаратты мемлекеттік кірістер органына жария етуді көздейді».

Д. Ақышев сондай-ақ зан жобасында Қазақстанның аумағында валюталық құндылықтар айналысының тәртібіне қатысты өзгерістер көзделетінін айтты. «Банктік емес айырбастау пункттеріне Ұлттық Банк шығарған құймадағы тазартылған алтынды сатып алу және сату құқығы берілді. Бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушыларына

клиенттердің тапсырмалары бойынша ішкі валюта нарығында шетел валютасын сатып алу, сату құқығы берілді», - деді Д. Ақышев.

«Заң жобасын қолданысқа енгізу мерзімі – 2019 жылғы 1 шілдө», - деді сезін қорытындылай келе Д. Ақышев.

Толығырақ ақпаратты мына телефон бойынша алуға болады:

+7 (727) 270 45 85

e-mail: [press@nationalbank.kz](mailto:press@nationalbank.kz)

[www.nationalbank.kz](http://www.nationalbank.kz)